

## Кездесудің қорытындысы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 5 тамыз 1993 ж. N 329-ө

Қазақстан Республикасының Үкімет делегациясы мен ТЮФ Рейнланд Холдинг АГ (Германия) басшылығының Кельн қаласындағы екі жақты кездесуінің Қорытынды хаттамасының ережелерін жүзеге асыру мақсатымен:

1. Қазақстанда ТЮФ Рейнланд Холдинг АГ өкілдігін ашу және одан кейін "ТЮФ Рейнланд - Қазақстан" еншілес кәсіпорнын құру жөніндегі екі жақтың ұсыныстары қолдау тапсын.

2. Қорытынды хаттаманың жүзеге асырылуына Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, ал Хаттаманың бөлімдері бойынша:

- айналадағы ортаны қорғау бөлімі бойынша - Экология және биоресурстар министрлігі;
- сапа жүйелерін құру бөлімі бойынша - Қазбасстандарт жауапты болып белгіленсін

3. Қазақстан Республикасының Меммүліккомы мен Алматы қаласының әкімі бір айлық мерзімде Алматы қаласынан "ТЮФ Рейнланд - Қазақстан" өкілдігіне кеңсеге арналған көлемі 40 шаршы м 2 бөлмелі үй және "ТЮФ Рейнланд - Қазақстан" басшысының отбасы тұратын көлемі 70 шаршы м үш бөлмелі пәтер бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі "ТЮФ Рейнланд - Қазақстан" өкілдігі ашылғаннан кейін оның телефон, телекс және телефакс байланыс арналары туралы өтінімінің орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1992 жылғы 31 шілдедегі N 188 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-министр